



Дарындылық, талант,
данышпандық қабілетінің
даму жағдайы

Орындаған: СД-202 А.Болатжан

Жоспары:

- 1. Дарындылық;**
- 2. Талант;**
- 3. Дарындылық пен талантты дамыту;**
- 4. Данышпандылық.**

Дарындылық

Дарындылық терминінің көпмағыналылығы адам қабілеттері саласы мәселесінің көпаспектілігіне сілтейді. Дарындылық қабілеттер саласының жалпы сипаттамасындай, кешенді зерттеуді талап етеді: психофизиологиялық, дифференциалды-психологиялық және әлеуметтік-психологиялық педагогикалық. Ақыл-ой дарындылығы - адамның өз ойлауын жаңа талаптарға саналы бағыттай алуының, оны жаңа міндеттерді шешуге және өмірдің жаңа шарттарына бейімдей алуының жалпы қабілеті. Жаңағы бағыттау ақыл-ой дарындылығы естен, ал бейімдеу белгісі - кемеңгерліктен (оның мәні өзіндік шығармашылықта) айырады; жалпы қоғамдастық белгісі ақыл-ой дарындылығы таланттан (ол адамда қызметтің белгілі бір түрінде айқындалады) ерекшелінеді. Дарынды балалар - өз құрбыларынан ақыл-ойының дамуымен біршама озатын немесе аса көрнекті арнаулы қабілеттерін көрсететін (музыкалық, көркемдік т.б.) балалар. Барлық бала дарынды немесе өзіндік жеке дара ерекше қасиеті бар деген тұжырым педиатрлардың, педагогтардың, спорттық және көркем студиялардың маңызды мәселесіне айналды. Дарынды деп өз қатарларынан әлде қайда дамыған немесе ерекше бір зейін бар (музыкалық, көркемдік, спорттық т.б. қасиеттер бар) балаларды айтады; ғылыми тұрғыдан кәдімгі сөзде оларды жиі вундеркиндтер деп те айтады. Психология көзқарасынан дарындылық екі мағына береді - жалпы рухани зейінділік және нақты дарындылық. Жалпы зейінділікті ғалымдар - жалпылау икемділігі, кез-келген тақырыпта әңгемелесу, мәселелерді шешу және өз тәжірибесінде үйрену деп тұжырымдайды. Дарындылықтың бірден-бір белгісі - тілдің ерте шығуы. Әсіресе, егер бала бөлек-бөлек сөздерден қарапайым сөйлемдерге көшсе, бұндай балалардың сөз байлығы да мол, әңгімесі де мәнерлі болып келеді және олар сөздің реңі мен нюанстарын іштей сезеді.

Талант

Талант (гр. talanton — бастапқыда салмақ, өлшем, кейіннен ауыспалы мағынада — қабілеттер деңгейі) — қабілеттердің ең алдымен, арнайы қабілеттердің дамуының биік деңгейі. Таланттың болуы туралы адам қарекетінің принципті жаңалығымен, бірегейлігімен ерекшеленуге тиіс нәтижелеріне қарап айтуға болады. Адамның таланты айқын қажетсінушілік пен шығармашылыққа бағыттталып, әрқашан белгілі бір қоғамдық талап-тілектерді бейнелейді. Осы себепті адамның талантының дамуында оның дүниетанымы, қоғамдық позициясы орасан зор рөл атқарады. Талант деп қандай да бір іс-әрекеттің, әсіресе табысты, дербес түрде шешілуіне жағдай жасайтын аса үздік қабілеттіліктердің ұштасуын атайды. Дарындылық — адамның белгілі бір іске деген айрықша қабілеттілігі, өмірдің қандай да бір саласында өзін ерекше қырынан көрсетуі.

Дарындылықты мен талантты дамыту

Оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығуын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, қазіргі техниканы пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу — ұстаздардың басты міндеті. Бұл бағыттағы жұмыстың мынадай ұстанымдары тұжырымдалған:

Баланың қызығушылығы мен бейімділігіне барынша сәйкес келетін қызмет аясында баланың іс-әрекетіне талдау жүргізу, яғни, жан-жақты зерттеу.

Дамытушылық ықпал ете отырып, баланың психологиялық кедергілерін жоюға мүмкіндік беретін тренингтік әдістерді пайдалану.

- Баланың дарындылық белгісін оның психикалық дамуының нақты деңгейінде ғана емес, сондай-ақ оның болашақтағы даму мүмкіндігін де есепке ала отырып бағалау.
- Жұмыс нәтижесін талдау, бақылау, әңгімелеу, мұғалімдер мен ата-аналардың сипаттамалық бағалары,
- Баланың отбасы жағдайын зерттеу – мүмкіндік бар ма, кедергі болып тұрған жоқ па.
- Интеллектуалдық сайыстарға қатыстыру – ойлау, сөйлеу қабілеттерін байқау.
- Үйірмелер жұмысы кезінде зерттеу – өнерге, шеберлікке бейімділігін анықтау.
- Шығармалар – логикасы, ойын жеткізуі, ақындығы, жазушылығы анықталады.
- Саунамалар, психодиагностикалық тренингтерді өткізу – белгісіз қырлары анықталады.
- Пәндік олимпиадаларға қатыстыру – білімділігі, бар білімін жинақтап, қолдану қабілеті байқалады.
- Ғылыми жоба жарыстары – материал жинау, іріктеу, дәлелдеу, жеткізу.
- Пікірсайыс ойындарына – сөздік қоры, сөйлеуі, өз пікірін қорғауы, жылдам ойлауы байқалады.

Талантты және дарынды, қабілетті балаларды іздеу, оларды оқыту мен тәрқабілетті адам қоғамға көбірек пайда әкеледі. Әрбір талантты адам еңбекке бейім, ол шығармашылық тапқырлықпен еңбек етеді. Біздің мақсатымыз жан- жақты білімді, іскер, өздік ойлау жүйесі дамыған, адамгершілігі жоғары, қабілетті тұлға қалыптастыру, балалармен жүргізілетін жұмысты дұрыс ұйымдастыру болып табылады. Мұғалімдер балаларға білім беруде барынша жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін қолайлы орта жасауға тырысады. Дарынды және талантты балаларға қатысты бұл едәуір күрделі деп ойлаймын. Себебі, дарынды және талантты балаларға тапсырмалар дайындаған кезде көп ойлануды, талқылауды және мұқият жоспарлауды талап етеді. Талантты немесе қабілетті үнемі айқындай отырып мектептердің мұғалімдері өздерін «дарынды бақылаушылар» ретінде көрсетуге тиіс. Бұл ұғымның мазмұндық жағы әртүрлі болуы мүмкін. Балалар өздері бір ғана пәнге ғана емес, бірнеше пәннен немесе басқа да салада өзін көрсете алуы мүмкін. Мысалы: әртістік, спорттық, музыкалық және де басқа таланттармен танылуы ықтимал. Сонымен қатар олар бір салада дарынды болса басқа салаларда қиындықтар туындауы мүмкін. Олар дамудың бір кезеңінде өте қабілетті болса, келесі кезеңдерде қабілеттерін танытпауы да мүмкін. Бұл дарындылық пен қабілеттіліктерді мұғалімдер, ата- анасы, балалардың өздері айқындай алады. Балалардың қабілеттілігін дамытуға мектепте жағдай туғызуы қажет. Біздің мектепте осындай балаларға жағдай жасалған деп ойлаймын. Себебі мектепте спорттың бірнеше үйірмелері бар, пәндік факультативтер, би топтары бес жастан ұйымдастырылған және де хорға көп оқушылар қатысады. Дарынды оқушыны дамытудағы басты мақсат жеке адамның дарыны мен қабілетін жоғары деңгейге көтеру деп ойлаймын.

Данышпандық

Данышпандық — кемеңгерлік. Данышпандық — адамның ақыл-ойы мен іс-әрекетінің ең жоғарғы дәрежеге көтерілуі. Данышпандық қасиет — адамның жалпы және арнаулы қабілеттерінің жинақталып, ерекше нәтижелерге белгілі іс-әрекет саласында қол жеткізуі. Данышпандық — бүкіл адамзаттың игілігі үшін өшпес, өлшеусіз еңбек етіп, ұлы мәселелерді парасаттылықпен шеше алатын адамға тән психологиялық қасиет. Ақыл-ойдың, білімнің молдығы, кең өрістілігі, бүгінгі ақыл-ой жеткен өреге сүйене отырып, келешекті болжау, ой қорытып, түйін жасау, ғылымның келер көкжиегінің жетер жерін анықтауға арналған ой-тұжырымы бар парасатты адамдарды данышпан адам деп атайды. Аристотель, әл-Фараби, Қожа Ахмет Иасауи, Шоқан Уәлиханов, Абай сияқты әмбебап данышпан ғұламалар аз емес. Ақыл-ойы, білімі мол, білгір адамның бәрі бірдей данышпан бола бермейді. Психологияда данышпандық деп өте сирек кездесетін қабілеттердің ең жоғарғы дамыған түрін атайды. Данышпандық адамның ақыл-ойы мен іс әрекетінің ең жоғарғы дәрежеге көтерілуі. Данышпандық қасиет адамның жалпы және арнаулы қабілеттерінің жинақталып ерекше нәтижелерге қол жеткізуі. Данышпандық — өмірдің шындығын, яғни оның себебі мен салдарының үйлесімділігін тану. Адамның нақты жағдайын, орны мен рөлін анықтап, оны салауатты өмір сүруге жеткізетін іскерлікті, білімпаздықты және жақсылықты дәлірек түсіну; ақиқат пен әділеттікті адамның мұрат-мүддесіне қолдануды бетке ұстау, адам қызметін сын көзінен, қажет биігінен өткізу арқылы оның ой-сезіміне, әрекетке деген іштей дайындығына, адамгершілік мұратына лайықты мағына табу; ыстық қайратты, нұрлы ақылды, ыстық жүректі бойда сақтау, қателеспей сөйлеу және керектіні ғана істеу — адамгершілік пен имандылықтың таласы; осы мінез-қабілеттерге жеткізетін әр түрлі жағдайды байыппен айналдыру, яғни даралық тұтастығын сақтау. Данышпандық — өмірді, болашақты ойлай біліп, ақылдылықпен айтылған сөз; аса білгірлікпен жасалған іс-әрекет, көрегендік пен көсемдіктің көрінісі.

Назар аударғандарыңыздарға рахмет!